

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘРШ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Қазақ тілін оқыту жүйесі әлі күнге дейін өзінің нақты шешімін таппай келеді. Мақалада XX ғасырда Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған оқыту әдістері бүгінде өзекті екендігі айтылған. Ғалым сол кезеңде-ақ өзге тілдердің оқыту әдістерімен етене танысып, өзіндік талдау жасап, қазақ тіліне қайсысы сай келетінін, қайсысы тиімді болатынын дәл таңдап алған. Авторлар қазақ тілінің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, баланың сауат ашуына қолайлы әліппе құрастырғандығы дәлелдеген. Бүгін сол жүйеден ауытқымай, қазіргі оқу бағдарламаларында да соны пайдалануымыз керек екендігі жан жақты дәлелденген.

Кіріспе

Қазақ әліппесін ең алғаш жүйелеп жазған А. Байтұрсынұлы болатын. Содан бері қаншама жыл өтсе де, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін ескере отырып, тілдің табиғи жүйесіне сай жасалған бұдан артық оқулық болмады.

Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ – деп түйген ұлы ұстаз әліппе жазуды өзінің 14 жыл бала оқыту кезінде жинақтаған тәжірибесі негізінде қолға алғандығы белгілі. Біз өзге жұрттан үлгі алуға немесе көзсіз көшіруге әлі күнге дейін әуеспіз. Бірақ бұдан бір ғасыр бұрын озық әліпби де, озық әліппе де бізде болғандығынан көбіміз хабарсызбыз. Иә, бізде ұлы реформатор, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлынан бастау алатын әліппенің өз тарихы бар. Ақаң 1926 жылғы Бакудегі жиыннан кейін: «Біздің 10-ныншы жылдары шығарып ескі қоймаға тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгерту ниетке жаңа ғана кіргенін өздерінше бір артықша жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен. Тарих жүйелі араб емлесінің тас-талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпымен-ақ дыбыс жүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабарсыз екен» [1, 572] - деген еді және өзі айтқандай, қазақтың дыбыс жүйесін тәртіптеген алғашқы кітабын Орынборда 1912 жылы шығарып еді. Бұл әліппелер толықтырылып, түзетіліп, өзі айдалып кеткен 30-жылдарға шейін Орынборда, Ташкентте, Қызылордада 10 шақты рет қайта-қайта басылып тұрды [2].

Негізгі бөлім

Отызыншы жылдардан кейінгі ғылымда, әсіресе қоғамдық ғылымдарда идеология, саясат басым болғандығы қазір бәрімізге мәлім. Ақаңнан кейін бүгінгі «Сауат ашуды» қосқанда қырық түрлі әліппе жазылды. Бірақ төл дыбыстарға негізделіп қасына мұғалімдерге арналған «Баяншысы» бар, ол аз десеніз сөйлеу, оқу, жазуды ұштастырған «Тіл жұмсары» тағы бар, кешенді дүние жасалған емес. Әдістің жақсы-жаман болмағы дұрыс бағытта, тиісті орында жұмсалыуына тікелей байланысты екендігін де ең алғаш айтқан Ақаң қазақ тілінің табиғатын жіліктеп, талдап, әлемнің басқа тілдеріне арналып жасалған әдістемелерді қарастырып, олардың арасындағы типтік

айырмашылықты анықтаған. Тіліміздің табиғатын бағамдай келе, қазақ тілін оқытуға сай келетінін дәл таңдаған.

Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлер «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «Инсерт» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерінің ерекшеліктері мен ұстанымдарын жаңаша бағыт ретінде атайды. Ал тарихқа үңілетін болсақ, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының көбі Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен табылады. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының бастауыш мектептеріне арналған «Әліпбиі» (Жаңа құрал) оқулығын жазуда көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, өмірмен байланыстылық, т.б. дидактикалық ұстанымдарды, дамыта оқыту идеясын басшылыққа алғанын анық аңғаруға болады. Себебі, ол бұл еңбекте білім белгілі бір жүйемен, ретпен берілуін ескеріп, балаға әлі келетін білімді ғана ұсыну керектігін айтады. Мұнда баланың ойлау қабілетін дамытумен қатар, алынған білімді күнелікті қолданысқа түсіру маңыздылығын қатты ескерген [3]. Тірлік шаруасына үйрететін білім тірі білім болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек дейді.

Қазіргі таңда ересектерді оқытатын оқытушылар мен мектеп мұғалімдері жалпы білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде Блум таксомониясын басшылыққа алады. Блум таксомониясының 6 түрлі ережесі кез келген ақпаратты үйретудің ең ұтымды тәсілдері ретінде тәжірибеде дәлелденіп жүр. Себебі Блум таксомониясының

- білу – мағлұматтар мен ақпараттарды еске түсіру;
- түсіну – жаңа идеяны түсіну, ондағы негізгі идеяларды салыстыру, сипаттау;
- қолдану – жаңа білімді түрлі нұсқада пайдалану;
- талдау – дәйектер мен себептерге байланысты ақпаратты тексеру және жіктеу;
- жинақтау – ақпараттарды жүйелеу;
- бағалау – ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау» сияқты 6 ережесі сын тұрғысынан ойлауда, яғни ойлау дағдыларын қылыптастыруда, жетілдіруде соны әдістемелердің бірі делінеді [3].

Осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы туралы А.Байтұрсынұлы оқулықтарында да бар:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды әрі тиімді деп санайды да бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек дейді [4, 295].

Қазіргі таңда мектептерде қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесінде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (*жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым*) жеке-жеке бөлініп, жаңа жүйемен оқытады. Бұл әдісті көбісі ағылшын тілін оқыту үлгісінен (*listening, reading, writing, speaking*) алынған деп ойлайды. Алайда тілді оқытудың бұл әдістері жайында Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен де кездестіруге болады.

Ғалым «үйретуді» жоғары бағалап, «өнер» деп атайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» – дейді. Ахмет тіл үйретуді келесідей топтарға ажыратады: 1) оқылым – оқу үйрету; 2) жазылым – жазу үйрету; 3) айтылым – сөйлеу үйрету. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда жазбаша және ауызша тілдің ара-жігі ажыратыла бермейді. Білім алушылар әріп пен дыбысты айыра алмай, бір сөйлеу барысында сөздерді жазба түріндегі қалпы бойынша айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында ғалымның екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітіп те отырған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма? [2]

Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін сатылап көрсеткен.

Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «теория және практика» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «*Өлі оқудан* көрі *«төте оқудың» беретін білімі жандырақ. «Төте оқудан» гөрі «көрнекі оқудың» беретін білімі жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру» [5].*

Ахмет Байтұрсынұлының тілді оқытуда оның табиғаты мен құрылымын басты назарда ұстаған. Қазақ тілін оқытуға арнап құрал жасамас бұрын әртүрлі тілдердің әдістеріне шолу жасап, керегін алған. Мәселен, сауаттау әдісі. Бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда

біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды [4, 324].

Ахмет өзінің еңбегінде жалпылау әдіске қарама-қайшы келетін жалқылау әдісін де сөз еткен. «Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы іріден ұсақтату» деп айырған. Жалқылау әдісінің пайда болған жері Франция. XVIII ғасырдың аяғында бұл әдістің артықшылықтары зерттегендер былайша дәлелдеген: бір нәрсемен баланы таныстырғанда, оның бөлімдерінен бастап таныстырмаймыз, тұтас тұрған тұлғасында таныстырамыз. Мәселен: Шапанды таныстырғанда жеңінен, жағасынан, етегінен, өңірінен бастап таныстырмаймыз, шапанның өзін алып көрсетіп таныстырамыз. Оқу үйреткенде де сөздің әріптен, буынынан бастамай, сөздің тұтас тұрған тұлғасынан бастап үйрететін әдіс деп түсіндіреді. Мұндай әдіспен оқуды үйрету әліпби кітабын қажет етпейді. Түсінікті сөздерді балаларға көрсеткен кезде, бала оларды жаттап алып, оқып кетеді. Бұл әдіс мағынасыз әріптерді, буындарды түсінуден гөрі мағыналы сөздерді жаттау балаларға жеңіл әрі көңілді болады дейді.

Дегенмен бұл тәсіл жеке балаларды оқытуға жараса да, мектепте көп баланы оқытуға жарамсыз болып шыққан. Негізгі кемшілігі сөзді жаттату, сөз әріптен, буыннан мағыналы, балаларға түсінікті болғанмен, не үшін былай «ат» етіп сызған нәрсе «ат» болып оқылатындығы балаларға түсініксіз, сондықтан бұл әдісті де ғалым қазақ тілін оқытуға жарамсыз деп біледі.

Кей жұрттар жазу үшін әріп алмаған, таңба алған. Кей жұрттар жазу үшін әріп алғанмен, әріптері тілі өзгергендіктен бұл күнде тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін болған. Кей жұрттардың әуелде дыбыстарына әріп арнауында шатақтық бар болғандықтан, сөздерінің жазылуы мен айтылуы екі басқа, кей жұрттардың тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп белгілеуге болмайды. Сондықтан оның да сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында басқалық болады [6]. Мәселен мына кестеге қарайық:

1-кесте

Буын түрлері (Types of syllables)				
	1-буын: ашық (дауыстыға аяқталады)	2-буын: тұйық (дауыссызға аяқталады)	3-буын: «дауысты + r» үлгісі (r дыбысы дауыстыдан кейін келеді)	4-буын: «дауысты + r + дауысты» үлгісі (r дыбысы дауыстылардың ортасында келеді)
A	[ei] mate, fate, name	[æ] mat, back, sack	[a:] car, star, bar, nar	[eə] hare, mare, fare
E	[i:] he, me	[e] wet, hen, zest	[ə:] boner, meter	[iə] here, mere
I	[ai] file, vine, size	[i] pit, hint, flip, did	[ə:] stir, skirt	[aiə] wire, fire
O	[ou] hoe, vote, tone	[ɔ] mop, slop, top	[ɔ:] nor, for, form	[ɔ:] store, more, snore

U	[ju:] blue, glue, clue	[ʌ] dull, skull, null	[ə:] slur, blur, fur	[juə] cure, manure
Y	[ai] byte, sky	[i] myth, mystic	[ə:] myrtle	[aiə] byre, tyre

Бұл көбімізге таныс ағылшын тіліндегі дауысты дыбыстар. Ағылшын тілінде 6 дауысты дыбыс, 4 буын түрі бар. Дауысты дыбыстар төрт буында төрт түрлі оқылады. Мұндай шарттылықтар балаға сауат аштыру кезінде көп қиындық келтіреді. Дауысты дыбыстардың өзін ғана оқытып білдіру үшін кемінде 24 (6×4) сағат жұмсау керек. Ағылшын, француз жұрттарының емлесі араб емлесі сияқты ескі болады, ескі емлемен жазылған сөздің жазуы мен оқуы бір-біріне сәйкес болмайды. Мәселен, арабтар «тырқы» деп жазып, «тараққи» деп оқиды. Ағылшын мен француз емлесі онан да сорақы: біз олардың емлесінше жазатын болсақ, «жой» деп жазып, «жуа» деп оқыр едік. Ондай емлесі бар жұртқа дыбыстың құны шамалы. Сөзді сүгіретін жаттаумен танып оқиды, әріп тек сүгірет мүшесінің орнына жүреді. Ал біздің қазақ тілінде мұндай шарттылық мүлдем жоқ десе де болады. Ахмет Байтұрсынұлы «Кейбір жұрттардың тіліндегі дыбыстары мен әріптері екеуінің арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында да сәйкестік күшті болады» - дейді [6]. Бұл біздің қазақ тілі туралы айтылған. Қазақ тілінде 28 дыбыс бар. Олар төмендегідей жүйеленген:

2-кесте

Дауысты дыбыстар

Жуан	а	о	ұ	ы	
Жіңішке	ә	ө	ү	і	е

Дауыссыз дыбыстар

Қатаң	п	к	қ	т	ш	с
Ұяң	б	г	ғ	д	ж	з
Үнді	р, л, й, у, м, н, ң					

Біздің қазақ тілі – өте жүйелі тіл. Бұнда дыбыс басына арналып әріп алынған, әріп таңылған дыбыстан қайда тұрса да айрылмайды. Сөздері жазылғанда көбінесе-ақ сөзінің ішінде естілетін дыбысына қарай жазылады. Орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады.

Орыс тіліндегі дыбыстарға сәйкестеп әріптер белгілеу мүмкін емес: «сақал» орысша «барадá» (бородá), «сақалдар» дегенде «бóроды» (бóроды)

дейді, «тырма» орысша «баранá» (боронá), «тырманы» дегенде «бóрану» (бóрону) дейді.

Бізде көптік жалғау немесе басқа жалғау қосылғанда, тек жалғау қосылғаны болмаса, сөздің басқа тұлғасы мен тұрпаты өзгермейді. Орыстікінде ондай емес: тек жалғау қосылып қана қоймайды, бүтін тұлға-тұрпаттарында өзгеріс кіреді. Орыста «о» дыбысы «а» дыбысына, «а» дыбысы «ы» дыбысына айналып кете береді.

Сөздің дыбыстары сондай өзгергіш болған соң, орыс тіліндегі сөздердің дыбыстарына сәйкестеп әріп алуға болмайды. Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды.

Мұндай жазуы бар жұрттың кей сөздерін дыбыстарына қарай жазуға болады, кей сөздерін дыбыстарына қарамай, тек жатталған түрінде ғана жазуға болады [6] – деп, Ахмет Байтұрсынұлы орыс тілі мен қазақ тілінің бір-бірінен типтік өзгешелігін анық көрсеткен.

«Жазу жоқ кезде оқу жоқ. Оқудан жазу дүниеге бұрын келген. Оқуды жазу тудырған» - дейді Ахаң [4]. Оқу білмейтін адамды үйреткенде, жазу мен оқудың пайда болған жолымен жүру керек. Бұл әдістің өзі онша дүниеге көп жайылмағанымен, өзге жайылған әдістерді түзетуге негіз болды. Мұнан бұрын оқу алда жүріп, жазу сонда жүруші еді. «Жазу-оқу» әдісі шыққаннан кейін оқу мен жазу екеуі қатар жүретін болды. Оқытушылар үйретуді оқудан бастаса, әдістер оқытқанын жаздырып отыратын болды. Жазудан бастаса жаздырғанын, не жазғанын оқытып отыратын болды [4].

Қазақ тіл білімі үшін әріп үйретудегі ең озық әдіс дыбысты әдіс деп таныған. Ол бестүрлі:

1. Балалармен әңгімелесу.
2. Оқу үйретуге де даярлайтын жұмыстар.
3. Сөзден дыбыстарды айырып шығару.
4. Әріптермен таныстыру.
5. Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу.

Әңгімелесу. Бұл балалардың бойын үйрету үшін істеледі.

Әңгімелескеннен кейін балалар оқытушыға үйір болады, оқытушы балалардың жайларын біледі. Әңгіме арқылы балалар мектептегі нәрселердің аттарымен, жүру-түру жүзіндегі тәртіптерімен танысады. Бұл қазіргі әліппеге дейінгі кезең деп жүргенміз. Оның өзін біз негізсіз біресе бір ай, біресе он бес күн оқытамыз.

Оқуға даярлайтын істер. Бұл – әуелі, «сөз» деген ұғым мен «дыбыс» деген не нәрселер екенін білдіру. Екінші, сөздің ішіндегі дыбыстарды айырту.

«Сөз» деген ұғымды таныту үшін оқытушы балаларға бір нәрсені атады. Оның атаған нәрсесі туралы өзі бір нәрсе айтып, неше сөзбен айтылып тұрғанын сұрайды. Мәселен, балалар «тақтай» деген болса, оқытушы «тақтай үлкен» дейді де, балалардан неше сөзбен айтылып тұр деп сұрайды. Солжөнмен бірнеше рет сөздер, сөйлемдер алынып, сұралып өткеннен кейін «сөздің» немене екенін біліп кетеді.

«Дыбыс» ұғымын таныту үшін істелетін тәсіл екі түрлі болады. Біреуі былай: Оқытушы бір дыбысты айта ды да, айтқаным не дыбыс деп сұрайды. Балалар естіген дыбысын айтады. Тағы бір дыбыс алып, тағы солай сұрайды, балалар сұрағанын айтып береді. Солай бірнеше рет істегеннен кейін балалар «дыбыс» деген нәрсенің не екенін ұғады. Екінші тәсіл былай істеледі:

Балалардың көзін жұмғызып қойып, оқытушы бір нәрсені сылдырлатады немесе тықылдатады. Бірақ не істесе де балалардан «не естідіңдер?» деп сұрайды. Балалар естігенін айтады. Сонан оқытушы бір дыбысты айтады. Мұны да не естідіңдер деп сұрайды. Балалар естігенін айтады, солай бірнеше ірет істеп, бірнеше ірет сұрағаннан кейін «дыбыс» деген немене екенін балалар ұғады.

Дыбыс айырту үшін оқытушы өзі не балаларға бірдеме айтқызады. Сонан бір сөзді алады да, соны әуелі буындап, бөлектеп айтады. Буындап, бөлектеп айтқанда буын жіктері ашылып, әр буын бөлектеніп естіледі. Солай бірнеше сөзді алып айтқаннан кейін балалардың құлағы сөз буынын айыратын болады.

Буынды айыра білгеннен кейін дыбыстарын айыруға түседі. Ол айыруға қолайлы буын табылатын сөздерді алып, әуелі буынға бөледі де сонан өзінің керек қылған буынын алып, дыбыстарын бөлектей айтады немесе әнге салған сияқты созып айтады. Балалардың тез айырып үйренуіне соңғысы қолайлы. Буынды созып айтқанда, оның ішіндегісі нендей дыбыс екені біліне қалады. Мәселен, «ара» деген сөздің «ра» деген буынын алып, әр дыбыспен созып айтса, әуелі «р», сонан соң «а» естілетіндігін құлақ қазір айырады. Мұндағы бір керек нәрсе, ол – алғашқы кезде алған буындардың әріптері созылатын болу тиіс: ол дыбыс айыру жұмысын көп жеңілдетеді. Дыбыстарды айыра білгеннен кейін оларды қоса білуге кіріседі.

Дыбыстарды қосып буын жасап, буыннан сөз жасау керек дейтіндер де бар, оның керегі жоқ дейтіндер де бар. Керек деушілердің пікірі де екі бөлінеді: Біреулері әріп көрсетуден бұрын балалар сөзді дыбыстан құрап жасай білу керек дейді, екіншілері – дыбыс құрастыру әріптермен таныстырып, соларды құрастырып, сөз қылып, қосар жерде істелу керек дейді. Әуелі, бұл үш түрлі пікірдің дыбысын құрастыру керек емес дейтіндер дұрыс емес. Дыбысты әдіс болмасқа керек десе, онда жөн, ал дыбысты әдіс болса, онда дыбыстарды қостыру болмаса, ол шала болмақ. Екінші, әріптерді құрастырып оқыр кезде істелу керек деген пікір де дұрыс емес. Онда кеш болады, ол жерде еш пайдасы тимейді. Олай болғанда сөздің дыбыстарын айыртып үйретудің де қажеті жоқ, оны жазу кезінде істетуге болады.

Сөздің дыбыстарын айыра білу – соңыра жазуға керегі бар нәрсе, дыбыстарды құрастырып сөз қыла білу – ол соңыра оқуға керегі бар нәрсе. Дыбысты дыбысқа қосу әріпті әріпке қосудан жеңіл болады. Үйрету жеңілінен басталу керек. Ол үйретудің негізгі дабыл жолы [4, 341].

Әріптермен таныстыру. Сөздің дыбыстарын айыра білгеннен кейін түрлі дыбыстарды қосып сөз қыла білетін болғаннан кейін әріппен таныстыруға түседі. Әріппен таныстыру іреті әріптердің әліп-би кітабындағы тұрған іретінше болады. Әліп-би кітабының басындағы бөлек әріптер немесе

сөздің ішіндегі әріптер, мәселен «а», «с» болса, сол әріптер бар сөзді алып, дыбыстарын айыртады. Сонан соң пәлен дыбыстың таңбасы мынау деп әрібін көрсетеді. Дыбыс таңбасы әріп деп аталатынын да айтады. Сонан кейін жаздырады. Басқа әріптердің арасынан іздеп таптырады.

Сонан кейін танытқан әріптерінен құрастырып, сөз қылып оқытады. Дыбыстарды айырту, құрастырып сөз қылу дұрысталып істеліп, балалар әбден әдісін алған болса, сол дыбыстардың әріптерін құрастырып, сөз қылып оқуға балалар қиналмайды. Бір-екі сөзді әріптеп құрап оқығаннан кейін тез әдісін алады. Алғашқы кезде сөзді ылғи буындап қостырып оқытады. Сонан буындап оқып әдеттенеді. Буындап оқу жаттыға бара қалыпты оқу түріне түседі [4, 342].

Қорытынды

Телжан Шонанов Ахмет Байтұрсынұлының әліппесімен хат танып кету үшін небәрі төрт-ақ апта керек екендігін айтады [7]. Бұндай тез сауат ашуға Ахмет Байтұрсынұлының қолданған әдістемесі демеу болса, екінші жағынан тіліміздің өзінің ішкі жүйесі көмектесіп тұр.

Біз бүгін Ахмет Байтұрсынұлы салған арнаға қайта оралып отырмыз. Өйткені ол сауат ашудың бірнеше әдісін (шағын сөз әдісі, жазу оқу әдісі, ескі емле әдісі) тексеріп көріп, тіліміздің жүйесіне ең ыңғайлы дыбысты әдіске сүйеніп, теңдесіз әліппе жазып шыққан.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2013.
2. Оқу құралы. (Қазақша әліпби). Жетінші басылуы. – Орынбор, 1925. – 72 б.
3. https://lenta.inform.kz/kz/kazir-zhana-dep-tanylgan-adistemelerdin-kopshiligi-ahmet-baytursynov-enbekterinen-bastau-alady_a3562782
4. Байтұрсынов А. Алты томдық шырғармалар жинағы. 3-том. Алматы: Ел-шежіре, 2013.
5. Байтұрсынов А. Баулу мектебі // «Жаңа мектеп» №1, Б. 22-27, 1925
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992.
7. Шонанов Т. Латын әліппесі туралы // Еңбекші қазақ. – 1926. – 25 сәуір.